

**«ӨЗІН-ӨЗІ РЕТТЕЙТІН ҚАЗАҚСТАН БАҒАЛАУШЫЛАР
ҚАУЫМДАСТЫҒЫНЫҢ ҰЙЫМЫ» БП МҮШЕЛЕРІНЕ ЖОСПАРЛЫ
ТЕКСЕРУ ЖҮРГІЗУ ТУРАЛЫ ЕРЕЖЕ**

«Өзін-өзі реттейтін Қазақстан бағалаушылар қауымдастығының ұйымы» БП (бұдан әрі - Палаталар) мүшелерінің қызметіне бақылауды жүзеге асыру туралы ереже Палатаның алқалы органының шешімімен бекітіледі, толықтырылады, өзгертіледі, тоқтатылады.

Ереже Палата мүшелеріне жоспарлы тексерулер жүргізу тәртібін, Палата мүшелерінің «Бағалау қызметі туралы» заңның, бағалау қызметінің стандарттары мен қағидаларының, іскерлік және кәсіптік әдеп қағидаларының талаптарын сақтауына бақылауды жүзеге асыратын Бақылау комитетінің Палата мүшелерімен және Палатаның басқа да құрылымдық бөлімшелерімен өзара іс-қимыл жасау тәртібін, тексеру парағының мазмұнын және тексеру нәтижелерін ресімдеу тәртібін айқындайды.

Палата мүшелерінің «Бағалау қызметі туралы» заңның, бағалау қызметінің стандарттары мен қағидаларының, іскерлік және кәсіптік әдеп қағидаларының талаптарын, өз мүшелерінің мүліктік жауапкершілігін қамтамасыз ету тәртібіне қойылатын қосымша талаптарды, есептілікті тапсыруға қойылатын талаптарды сақтауы жоспарлы тексерудің мәні болып табылады. Жоспарлы тексерудің ұзақтығы күнтізбелік отыз күннен аспауы тиіс.

Палата мүшесіне қатысты жоспарлы тексеру жүргізу туралы шешім Палатаның Бақылау комитетінің басшысы (немесе міндетін атқарушы) бекітеді. Тұлғалар тізімін қалыптастыру үшін Бақылау комитетінің басшысы (немесе міндетін атқарушы) Палатаның Атқарушы органынан алдыңғы күнтізбелік жыл ішінде бағалау қызметтерін тұтынушылардан немесе мүдделі тұлғалардан оларға қатысты жүгінімдер келіп түскен Палатаның бағалаушылар тізбесін сұратады. Қолда бар жүгінімдер статистикасының негізінде ағымдағы жыл ішінде тексеруге жататын бағалаушылар тізбесі қалыптастырылады.

Бағалаушының тегін және тексерілетін тоқсанды көрсетумен жоспарлы тексерулер жүргізудің жылдық кестесі Палатаның Бақылау комитетінің басшысымен жасалады және оған қол қояды әрі Палатаның сайтында орналастыру үшін Палатаның Атқарушы органына жіберіледі. Ағымдағы жылдың жылдық тексеру кестесі Палатаның сайтында жыл сайын ағымдағы жылдың 31 наурызынан кешіктірілмей орналастырылады.

Палатаның Атқарушы органы №1-қосымшаның нысаны бойынша Хабарлама жіберу арқылы тексеру жүргізудің басталғаны туралы Палата мүшелерін хабардар етеді. Бақылау комитеті негіздемелер болған жағдайда тексерулер жүргізудің жылдық кестесін толықтыру, өзгерту туралы шешімді өздігінен қабылдайды. Кестеге барлық өзгерістер мен толықтырулар Бақылау комитетінен материалдар алынған күннен кейінгі бес жұмыс күнінен кешіктірілмей Палатаның сайтында орналастырылады.

Жоспарлы тексеру жүргізу туралы хабарламаны алған кезде Палата мүшесі хабарламаны алған күннен кейінгі бес жұмыс күнінен кешіктірмей, тексеру жүргізу үшін қажетті құжаттар мен ақпаратты Палата Дирекциясынан келіп түскен тізбеге сәйкес электрондық түрде ұсынуға міндетті. Ақпарат бағалаушымен Палатаның сайтында ұсынылады.

Бағалаушы Палатаның Атқарушы органына Бағалаушының атына өтініш келіп түскен мүліктің (жылжымалы, жылжымайтын мүліктің, ЗМЖМЕА) типі бойынша бағалау туралы кез келген (өз қалауы бойынша) есепті, есепке қатысты барлық қосымшаларды, бағалауға тапсырыс берушімен жасалған шартты, бағалаушының азаматтық-құқықтық жауапкершілігін сақтандыру шартын, бағалау жөніндегі орындалған есептерді бес жыл сақтау туралы міндеттемелерді жөніндегі ақпаратты ұсынады. Атқарушы орган Бақылау комитетіне бағалаушының тоқсан сайынғы есептерін уақтылы ұсынуы туралы ақпаратты ұсынады.

Тексеру парағының негізінде Бақылау комитеті бағалау туралы есепті тексереді және егер олар есепте немесе шартта болса, нысаны мен мазмұны бойынша ауытқуларды анықтайды. Бақылау комитеті ауытқулар болған жағдайда Жоспарлы тексеру актісінде анықталған бұзушылықтарды бұзылған стандарттың немесе заңның бабына сілтеме жасай отырып сипаттайды.

Бағалау туралы есепті тексеру жүргізілетін тексеру парағының мазмұны №2-қосымшада келтірілген.

Жоспарлы тексеру актісі бағалаушының Тексеру парағының тармақтарына сәйкес тексеру нәтижелері бойынша жасалады. Жоспарлы тексеру актісі тексеру жүргізу үшін келіп түскен материалдардың тізбесін қосымша қамтиды.

«Бағалау қызметі туралы» заңның және бағалау қызметі саласындағы стандарттардың талаптарын бұзушылықтар/ауытқулар болмаған жағдайда, Жоспарлы тексеру актісі және тексеру материалдары Атқарушы органға беріледі, ол Жоспарлы тексеру актісін тексеру аяқталған күннен кейінгі күннен бастап үш жұмыс күнінен кешіктірмей бағалаушыға жібереді.

«Бағалау қызметі туралы» заңның және бағалау қызметі саласындағы стандарттардың талаптарын бұзушылықтар/ауытқулар анықталған жағдайда,

Бақылау комитеті бұзушылықтарды/ауытқуларды жою бойынша ұсынымдары қамтылған Жоспарлы тексеру актісін жасайды. Тексеру материалдары Атқарушы органға беріледі, ол Жоспарлы тексеру актісін тексеру аяқталған күннен кейінгі күннен бастап үш жұмыс күнінен кешіктірмей бағалаушыға жібереді.

Бағалаушы негіздемелер болған жағдайда Палатаның Алқалы органына бағалаушы электрондық поштасына түскен Жоспарлы тексеру актісін алған күннен бастап он жұмыс күні ішінде Жоспарлы тексеру актісіне наразылықты Атқарушы органға жібере отырып, тексеру нәтижелеріне шағымдануға құқылы. Белгіленген он күндік мерзімнен кейін келіп түскен наразылықтар Палатаның қарауына қабылданбайды. Атқарушы орган мерзімнің өтуіне байланысты наразылықтардың қаралмайтыны жөнінде Палата мүшесін хабардар етеді.

Палата мүшесінің наразылықтары Палатаның Алқалы органымен наразылықтар Атқарушы органға келіп түскен күннен кейінгі күннен бастап күнтізбелік отыз күн ішінде қаралады. Назылықты қарау нәтижесі бойынша Алқалы орган шешім қабылдайды, ол Атқарушы органға жіберіледі. Атқарушы орган Шешімді алған күннен кейінгі күннен бастап үш жұмыс күнінен кешіктірмей оны Палата мүшесіне жібереді.

Бақылау комитеті әзірлеген ұсынымдар бағалаушының орындауы үшін міндетті болып табылады. Елеулі әдіснамалық қателер болған жағдайда, соның ішінде есептеулерде стандарттарда көзделмеген әдістерді не нарықтық немесе өзге құнның бұрмалануына әкеп соғатын едәуір бұрмаланған әдістерді қолдану жағдайында Бақылау комитеті бағалаушыны үш айдан кейін келесі тексеруге қосады.

Бағалаушыны қайта тексеру ұсынымдардың орындалмағанын көрсеткен жағдайда және қайталама Тексеру актісінде бағалаушының «Бағалау қызметі туралы» заңның және бағалау қызметі саласындағы стандарттардың талаптарын жол берген бұзушылықтары/ауытқулары туралы ақпарат қамтылған жағдайда Атқарушы орган Тәртіптік комитетке Бақылау комитетінің тексеру материалдарын жібереді. Бір бағалаушыға қатысты бағалаушы жол берген ұсынымдарды, бұзушылықтарды қамтитын жоспарлы тексерудің екі актісі болған жағдайда жүйелі деп есептеледі.

Тәртіптік комитет жүйелі бұзушылықтар болған жағдайда бағалаушыға тәртіптік әсер ету шараларын қолдану туралы шешім қабылдайды.

КІМГЕ: _____

МЕКЕНЖАЙЫ: _____

**«ӨР ҚБҚҰ» БП мүшесін
жоспарлы тексерудің жүргізілуі туралы
хабарландыру**

_____ 20__ жыл

Осымен, Палата мүшелерін жылдық жоспарлы тексеру кестесіне сәйкес Сізге қатысты Палатаның Бақылау комитеті жүргізетін тексерудің басталғанын хабарлаймыз.

Сіздің бағалау қызметін ұйымдастыруыңыз туралы объективті шешім қабылдау, Сіз шығарған бағалау туралы есептердің 10.01.2018 ж. №133-VI «Бағалау қызметі туралы» Заңның (ағымдағы күнге өзгерістермен), бағалау қызметі саласындағы стандарттардың талаптарына сәйкестігін анықтау үшін үш жұмыс күнінен кеш емес мерзімде түпнұсқадан сканерленген электрондық нұсқадағы мына құжаттарды ұсынуды сұраймын:

1. Өз таңдауыңыз бойынша 2019-2020 жылдары кезеңінде жасалған кез-келген бағалау туралы есеп (жылжымалы, жылжымайтын, ЗМЖМЕА) (Есептің көшірмесі есептің түпнұсқасымен бірдей болуы тиіс, «тігілген-нөмірленген» парақты қамтуы тиіс, әр бетінің нөмірленуі оқуға жарамды, мөрмен бекітілуі анық, бағалаушының (бағалаушылардың) және есепті орындаушы - заңды тұлға басшысының қолдары анық болуы тиіс);

2. есепке барлық қосымшалар және иллюстрациялық материалдар;

3. ұсынылатын есепке бағалау бойынша қызметтер көрсетуге арналған шарт;

4. бағалаушының азаматтық-құқықтық жауапкершілігін сақтандыру шарты;

5. бағалау туралы орындалған есептерді бес жыл сақтау туралы міндеттемені орындау туралы ақпарат (барлық орындалған есептер қағаз түрінде сақталатынына кепілхат).

Бағалаушының тексеру парағы

Р/б №	Параметр	Бол уы (+) Болма уы (-)	Талап ету көзі
1	Бағалау туралы есеп жасалды:		
	• қағаз жеткізгіште:		501 бұй., 3-тарау, 14-т., БҚЗ 9-б 2-т.
1.1	• нөмірленген		
1.2	• байланған		
1.3	• бағалау жүргізген бағалаушымен қол қойылды		
1.4	• бағалаушының жеке мөрімен (болған жағдайда) немесе бағалаушылар еңбек шартын жасақан заңды тұлғаның мөрімен (болған жағдайда) бекемделеді		
1.5	• заңды тұлғаның басшысымен бекітілген:		
1.6	• есептің барлық беттерін бағалаушы дәйектеген		
2	Бағалау туралы есептің мазмұнына қойылатын талаптар		
2.1	• Титул парағы		501 бұй., 2-тарау 5-т.
2.2	• Есептің мазмұны		
2.3	• Жалпы ақпарат және бағалау объектісінің сипаттамасы		
2.4	• Есептің есеп айырысу бөлігі		
2.5	• Қорытынды бөлік		
2.6	• Қосымша		
3	Титул парағы		
3.1	• Есептің атауы		501 бұй., 2-тарау 6-т., БПС
3.2	• Есептің нөмірі		
3.3	• Есептің жасалған күні		
3.4	• объектінің атауы және оналасқан жері		
3.5	• бағалау күні		
3.6	• бағалау мақсаты		
3.7	• айқындалатын құнның түрі		
3.8	• Тапсырыс берушінің толық атауы немесе Т.А.Ә., тұрғылықты жері, банктік деректемелері		

3.9	<ul style="list-style-type: none"> бағалаушының тегі, аты, әкесінің аты (болған жағдайда), ол мүшесі болып табылатын бағалаушылар палатасының атауы және заңды тұлғаның атауы (бағалаушы заңды тұлғамен еңбек шартын жасасқан жағдайда) 		
3.10	<ul style="list-style-type: none"> тегі, аты, әкесінің аты (бар болса) және басшысының қолы қамтылады (бағалаушы заңды тұлғамен еңбек шартын жасасқан жағдайда) 		
4	Есептің мазмұны		
4.1	<ul style="list-style-type: none"> есеп мазмұнында оның құрамына беттері көрсетіліп енгізілген бөлімдер (кіші бөлімдер) көрініс табады 		501 бұй., 2-тарау 7-т., БПС
5	1-бөлім «Есеп туралы жалпы мәліметтер»		
5.1	<p>1) Бағалау жүргізуге негіздеме:</p> <ul style="list-style-type: none"> бағалау туралы шарттың нөмірі мен жасалған күні; 		501 бұй., 2-тарау 8-т.
5.2	<p>2) Бағалауға тапсырма мыналарды көрсетумен:</p>		
5.2.1	- бағаланатын объектінің атауы		
5.2.2	- объектінің меншік иесі		
5.2.3	- объектінің орналасқан жері		
5.2.4	- бағаланатын құқықтары		
5.2.5	- бағалау түрі		
5.2.6	- бағаланатын мүліктің сәйкестігі		
5.2.7	- белгіленетін базасы мен құнның түрі		
5.3	<p>3) Бағалаушы туралы мәліметтер</p>		
5.3.1	- бағалаушы туралы мәліметтер (тегі, аты, әкесінің аты (болған жағдайда),		
5.3.2	- жеке сәйкестендіру нөмірі		
5.3.3	- бағалаушының орналасқан жері		
5.3.4	- «бағалаушы» біліктілігін беру туралы куәліктің нөмірі мен берілген күні		
5.3.5	- ол мүшесі болып табылатын бағалаушылар палатасының атауы		
5.3.6	- бағалаушының немесе бағалаушы еңбек шартын жасасқан заңды тұлғаның мүліктік жауапкершілігін қамтамасыз ету туралы мәліметтер		
5.3.7	- бағалаушы еңбек шартын жасасқан заңды тұлғаның толық атауы (болған жағдайда)		
			501 бұй., 2-тарау 8-т.

5.3.8	- бағалаушы еңбек шартын жасасқан заңды тұлғаның бизнес-сәйкестендіру нөмірі (болған жағдайда)		
5.3.9	- бағалаушы еңбек шартын жасасқан заңды тұлғаның банктік деректемелері, заңды мекенжайы (болған жағдайда)		
5.4	4) Бағалауды жүргізу кезінде бағалаушының пайдаланған ұйғарымы мен шектеу талаптары		501 бұй., 2-тарау 8-т.
5.5	5) Бағалауды жүргізу кезінде пайдаланылған құжаттар тізбесі		
5.5.1	- бағалау қызметі саласындағы заңнама		501 бұй., 2-тарау 8-т., 2018 жылғы 10 қаңтардағы 133-VI БҚЗ ҚРЗ (05.10.2018 ж. жағдай бойынша өзгерістерімен)
5.5.2	- олар алынған көздерін көрсете отырып, бағалауды жүргізу кезінде пайдаланылған деректер тізбесі		501 бұй., 2-тарау 8-т.
5.6	6) Есепте қолданылатын негізгі терминдер мен анықтамалар қамтылады		501 бұй., 2-тарау 8-т. 501 бұй., 3-қос.
6	2-бөлім «Жалпы ақпарат және бағалау объектісінің сипаттамасы»		
6.1	1) бағалау объектісі тексерілген күні (материалдық объектілер үшін)		501 бұй., 2-тарау 9-т.
6.2	2) бағалау объектісінің сипаттамасы мен жай-күйі		
6.3	3) бағалау объектісінің құрамы		
6.4	4) бағалау объектісінің мақсаты мен ағымдағы пайдаланылуы		
6.5	5) бағалау объектісі орналасқан жердің сипаттамасы		
6.6	6) бағалау объектісінің негізгі сипаттамаларының сипаттамасы		
	<i>Кредит беру мақсаттары үшін кәсіпорындарды және ірі жылжымайтын мүлік объектілерін бағалау кезінде мыналар қосымша көрсетіледі:</i>		
6.7	1) өңірдегі жалпы экономикалық ахуалға және әлеуметтік-экономикалық ахуалға шолу		501 бұй., 2-тарау 9-т.

6.8	2) бағаланатын мүлік нарығында ағымдағы белсенділік пен үрдістерге шолу		
6.9	3) салалық шолу (оның негізінде белгілі бір тауарларды (қызмет көрсетулерді) өндіру ұйымдастырылған мүлік кешенінің құрамына кіретін жылжымайтын мүлік бағаланатын жағдайда жасалады)		
7	3-бөлім «Есептің есеп айырысу бөлігі»		
7.1	1) бағалау әдіснамасы:		
7.2	2) үш тәсілдегі әдіс мәнінің қысқаша мазмұны және осы есепте қолданылған тәсілдер мен әдістерді таңдау негіздемесі;		501 бұй., 2-тарау 10-т.
7.3	3) таңдалған тәсілдер/әдістер қолданылған бағалау процесінің сипаттамасы;		
7.4	4) таңдалған тәсілдермен/әдістермен орындалған есеп айырысулар		
8.	<i>Салыстырмалы тәсіл</i>		
8.1	<ul style="list-style-type: none"> • нарықты зерттеу және бағаланатын объектіге ұқсас объектілерді сатып алу немесе сату бойынша мәмілелер немесе ұсыныстар туралы ақпаратты жинау 		
8.2	<ul style="list-style-type: none"> • ақпараттың сенімділігін, нақтылығын және оның нарықтық деректерге сәйкестігін тексеру; 		
8.3	<ul style="list-style-type: none"> • бағаланатын объект нарығы үшін үш типтілік салыстыру бірлігін таңдау; 		
8.4	<ul style="list-style-type: none"> • салыстыру бірліктерін пайдаланумен салыстыру элементтері (бағаны құрайтын факторлар) бойынша бағаланатын жылжымайтын мүлікпен (бағалау объектісімен) салыстырылатын объектілерді (ұқсас объектілерді) салыстыру арқылы түзету коэффициенттерін есептеу; 		519 бұй., БПС 2-қос. 8-т.
8.5	<ul style="list-style-type: none"> • әрбір салыстырылатын объектінің бағасына әрбір салыстыру элементі бойынша бағаланатын объектіге түзетулер енгізу; 		
8.6	<ul style="list-style-type: none"> • бағаланатын объектінің нарықтық құнының бірыңғай көрсеткішін (мәнін) алу үшін салыстырылатын объектілердің түзетілген бағасын келісу 		

9	<i>Шығындық тәсіл</i>		
9.1	• ауыстырудың толық құнын айқындау (молайту)		519 бұй., 2-қос. 7-т. БПС
9.2	• жойылмайтын физикалық тозуды айқындау		
9.3	• жойылатын физикалық тозуды айқындау		
9.4	• жойылмайтын функционалдық ескіруді айқындау		
9.5	• жойылатын функционалдық ескіруді айқындау		
9.6	• сыртқы (экономикалық) ескіруді айқындау		
9.7	• жинақталған тозу өлшемін ескерумен бағаланатын объектінің нарықтық құнының мәнін алу		
10	<i>Кірістік тәсіл</i>		
10.1	• жалпы кірісті болжамдау		519 бұй., 2-қос. 7-т. БПС
10.2	осы немесе ұқсас объекті жүктемесінің есептеу немесе іс жүзіндегі коэффициентіне сүйене отырып нақты кірісті есептеу		
10.3	• ТОК-ты немесе ренталық кірісті есептеу;		
10.4	• тиісті капиталдандыру мөлшерлемесін айқындаудың бағалау рәсімін таңдау негіздемесі және оның есебі;		
10.5	• ТОК немесе ренталық кірісті капиталдандыру мөлшерлемесіне бөлу жолымен бағалау объектісінің құнын есептеу		
11	5) Бағалау нәтижелерін келісу		
11.1	• есепте қалғандарын пайдаланудан уәжді бас тарту келтіре отырып, алынған нәтижелердің біреуін таңдайды;		501 бұй., 2-тарау 10-т.
11.2	• нәтижелерді келісу рәсімін пайдаланады (екі рет бір-бірінен өзгеше болмайтын екі және одан да көп тәсілдер/әдістерді пайдаланған кезде)		
11.3	• келісудің математикалық әдістері қолданылды;		519 бұй., 2-қос. 18-т., БПС
12	4-бөлім «Есептің қорытынды бөлігі»		
12.1	• объекті құнының шамасы туралы жиынтық қорытынды қамтылады.		501 бұй., 2-тарау 11-т.
12.2	• Бағалау объектісі құнының жиынтық		

	шамасы Қазақстан Республикасының ұлттық валютасында көрсетіледі және сомасын жақшада таратып жаза отырып, теңгемен көрініс табады (егер Тапсырыс берушімен жасалған бағалау жүргізу шартымен өзгеше келісілмесе).		
12.3	<ul style="list-style-type: none"> Бағалау туралы есепте көрсетілген бағалау объектісі құнының жиынтық шамасы, егер бағалау туралы есеп жасалған күннен бастап бағалау объектісімен мәміле жасалған күнге немесе жария оферта ұсынылған күнге дейін өткен уақыт алты айдан аспайтын болса, бағалау объектілерімен мәміле жасасу мақсаттары үшін ұсынымды болып танылады. 		
13	Есепке қосымша мыналарды қамтиды		
13.1	<ul style="list-style-type: none"> бағалау объектісін тексеру актісі (тексеру актісі материалдық объектілер үшін жасалды), онда бағаланатын объектіні: тексеру күні бағалау объектісінің мекенжайы, бағаланатын объектінің негізгі сипатының сипаттамалары, бағалау объектісін және бағалаушы, бағалаудың тапсырыс берушісі және үшінші тұлғалар қол қойған оның нақты жай-күйін (егер бар болған және тексеруде қатысқан жағдайда) толығымен сәйкестендіруге мүмкіндік беретін өзге де ақпарат 		501 бұй., 2-тарау 12-т.
13.2	<ul style="list-style-type: none"> бағалау объектісінің фотосуреттері (тек жылжымайтын мүлік, көлік, жабдық және басқа да материалдық мүлік үшін); 		
13.3	<ul style="list-style-type: none"> есеп айырысу кестелері (бар болғанда); 		
13,4	<ul style="list-style-type: none"> кәсіпорын активтерінің тізбесі және олардың нарықтық құны бар кестелер (қажет болса); 		
13,5	<ul style="list-style-type: none"> бастапқы деректерді растайтын құжаттар (қажет болса) 		
14	Мына жағдайларда бағалаушы мәліметтерді есепте көрсетеді, егер:		
14.1	<ul style="list-style-type: none"> тапсырыс беруші бағалау объектісіне, 		

	сондай-ақ бағалауды жүзеге асыру үшін қажетті құжаттамаға толық көлемде қолжетімділіктен бас тартқанда		501 бұй., 2-тарау 13-т.
14.2	<ul style="list-style-type: none"> тапсырыс беруші бағалауды жүзеге асыру үшін қажетті қосымша мәліметтерді ұсынудан бас тартқанда; 		
14.3	<ul style="list-style-type: none"> үшінші тұлғалар мемлекеттік құпияларды, коммерциялық және заңмен қорғалатын өзге де құпияны құрайтын мәліметтерді қоспағанда, бағалау нәтижелерінің дұрыстығына айтарлықтай әсер ететін бағалау жүргізу үшін қажетті жазбаша немесе ауызша нысандағы ақпаратты беруден бас тартқанда. 		501 бұй., 2-тарау 13-т.
15	Бағалаушының міндеттері:		
15.1	<ul style="list-style-type: none"> бағалаушылар палатасы белгілеген жарналарды төлеу 		501 бұй., 3-тарау, 15-б. 2018 жылғы 10 қаңтардағы № 133- VI БҚЗ (өзгерістерімен)
15.2	<ul style="list-style-type: none"> есеп жасалған күнді және оның реттік нөмірін, бағалау объектісін, айқындалған құнның түрін көрсете отырып, көрсетілген кезеңде қол қойылған бағалау туралы есептер туралы ақпаратты бағалаушылар палатасы көздеген тәртіппен тоқсан сайын беру; 		501 бұй., 3-тарау, 15-б.
15.3	<ul style="list-style-type: none"> бір ғана бағалаушылар палатасының мүшесі болып табылады 		501 бұй., 3-тарау, 15-б.
15.4	<ul style="list-style-type: none"> азаматтық-құқықтық жауапкершілігін сақтандыру шартының болуы 		501 бұй., 3-тарау, 15-б.
15.5	<ul style="list-style-type: none"> бағалау туралы жасалған есептерді 5 жыл бойы сақтау туралы ақпарат 		
15.6	<ul style="list-style-type: none"> бағалау туралы анық емес есептің жасалғаны туралы ақпарат 		
16	Бағалау жүргізу шартына қойылатын міндетті талаптар		
16.1	<ul style="list-style-type: none"> тараптардың деректемелері: жеке тұлға үшін – тегі, аты, әкесінің аты (егер ол жеке басын куәландыратын 		2018 жылғы 10 қаңтардағы № 133- VI БҚЗ 8-бабы

	құжатта көрсетілген болса), жеке сәйкестендіру нөмірі, тұрғылықты жері (пошталық мекенжайы); заңды тұлға, оның ішінде бағалаушы еңбек шартын жасасқан заңды тұлға үшін – атауы, орналасқан жері (заңды мекенжайы), бизнес-сәйкестендіру нөмірі, банктік деректемелері;		(өзгерістерімен)
16.2	• бағалау объектісінің атауы және (немесе) орналасқан жері, бағалау объектісінің түрі;		
16.3	• бағалау объектісінің сипаттамасы;		
16.4	• бағалау объектісінің құнын айқындау күні;		
16.5	• бағалау жүргізу мақсаты;		
16.6	• бағалау түрі;		
16.7	• айқындалатын құнның түрі;		
16.8	• бағалау жүргізудің мерзімдері;		
16.9	• бағалау жүргізу кезінде қолданылатын бағалау стандартына нұсқау;		
16.10	• көрсетілетін қызметтер үшін ақы төлеудің шарттары, тәртібі мен мөлшері;		
16.11	• тараптардың құқықтары, міндеттері мен жауапкершілігі;		
16.12	• тапсырыс берушінің бағалау объектісіне меншік құқығын растайтын құжаттың деректемелері не тапсырыс берушіге бағалау жүргізу шартын жасасу құқығын беретін өзге де негіздер;		
16.13	• «бағалаушы» біліктілігін беру туралы куәліктің деректемелері (куәлікті берген бағалаушылар палатасы көрсетіле отырып, оның нөмірі мен берілген күні);		
16.14	• тапсырыс берушінің бағалаушының немесе бағалаушы еңбек шартын жасасқан заңды тұлғаның мүліктік жауапкершілігі мәселелерін сотқа дейін реттеу құқығы;		
16.15	• бағалаушының немесе бағалаушы еңбек шартын жасасқан заңды тұлғаның мүліктік жауапкершілігін қамтамасыз ету туралы мәліметтер;		

